

# Еуропаның ерекше музейлерінің тарихы

Франция  
Париж  
Лувр



Орындаған: Зұлхарнайұлы Ш.  
Қабылдаған: Солтиева Б. Ш.

# Жоспар:

## Кіріспе

### 1. Лувр музейінің тарихы

#### 1.1. Лувр ғимаратының салынуы

#### 1.2. Коллекцияларды жинақтау

### 2. Музейдің бөлімдері

#### 2.1. Ежелгі Шығыс бөлімі

#### 2.2. Ежелге Египет бөлімі

#### 2.3. Ежелгі Грекия мен Рим бөлімі

#### 2.4. Кескіндеме мен сурет бөлімі

#### 2.5. Мүсіндер бөлімі

## Қорытынды

## Пайдаланған әдебиеттер

Лувр музейі – көркем және тарихи жәдігерлерді қамтыған дүниежүзіндегі ең бай коллекциялық жинағы бар ескі музейлердің бірі.

Лувр музейі Париждің ортасында, Сена өзенінің оң жағында, Ривали көшесінде, астананың 1-ші округінде орналасқан.



# Тарихы

Музейдің негізі 1793 жылы 27 шілдеде қаланған. Лувр алғашында қамал болған. Бұл сарайдың құрылысы сегіз ғасырға созылып, негізін алғаш II Филипп Август қалаған.

“Лувр” сөзі француз тілінен шыққан “мұнара”, “қамал” деген мағынада.

XVII ғ. Лемерсье және Лево атты архитекторлар кең көлемде құрылыс жасап, төртбұрыш алаңды салған.

XIV Людовик, Н. Бонапарт, XV Людовик, XVI Людовик, XVIII Людовик, X Карл тұсында өзгерістерге ұшырап, құрылысы мен сән-келбеті жағынан гүлдене берді.



1980 жылы Лувр музейі соңғы өзгеріске ұшырап, архитектор Йо Минг Пей Луврды қайта жобалап, үлкен әйнек пирамидалар салынды.



Н. Бонапарт тұсында суретшілер Персье, Пантеннің басшылығымен Лувр көлемі ұлғайып, Мазарини және банкир Ябахтың коллекцияларын сатып алынуы музей қорын байытты. XV Людовик кезінде көп туындылар сатып алынып, әсіресе Фламанд және голланд шеберлерінің суреттерімен толықты.

XVIII Людовик картиналар коллекциясын көбейтіп, музей ұлттық мәдени орынға айналды. Египет өнер туындылары Ф. Шампальон, Л. Филипп, П. Эмильдің тапқан өнер туындылары сатып алынды.

1895 ж. музейдің ұлттық одақтастығы, 1897 ж. “Луврдың достық қауымдастығы” құрылады. Аталған екі құрылымдар музейдің болашақта гүлденуіне, ары қарай дамуына себепші болады.



Қазір Лувр 40 га жерді алып жатыр. Оның 60 га жері экспозиция залдары алып жатыр. 1989 жылы Наполеон пирамидасы салынды.

Лувр пирамидасы сәулетші Йо Минг Пей жобасы негізінде салынған. Әйнек құрылыс материалдарынан салынған музей биіктігі 21 м құрайды. Жан-жағының ұзындығы – 35 м.

Пирамида 603 әйнек ромбиг, 73 үшбұрыш формасындағы үлгі ретінде жасалынған. Құрылысы 1989 жылы аяқталып, негізгі кіру бөлмесіне айналған.

Музейде Леонардо да Винчи, Рембрантд, Рубенс, Жан Мануель, Веласкес сияқты әлемге әйгілі қылқалам шеберлерінің суреттері сақтаулы. Лувр – тамаша көркем құндылықтар сақталатын орын.



**Құрылымы жағынан Лувр негізгі бес бөлімнен тұрады:**

- 1. Ежелгі Шығыс бөлімі;**
- 2. Ежелге Египет бөлімі;**
- 3. Ежелгі Грекия мен Рим бөлімі;**
- 4. Кескіндеме мен сурет бөлімі;**
- 5. Мүсіндер бөлімі;**

# 1. Ежелгі Шығыс бөлімі

Ежелгі Шығыс бөлімі 1881 жылы ашылған. Бұл бөлімде Британ музейінен кейінгі Ассирия және Финикия, Вавилон, Шумер, Палестина мәдениетінің ең озық үлгілері жинақталған. Ең атақтысы – Карисундар стелласы. Шумер патшаның жеңісіне арналып жасалған.





## 2. Ежелге Египет бөлімі

Ежелгі Египет бөлімі 1826 жылы ашылған. Оны алғаш Ф. Шампальон Мысыр жазуының құрылысын ашқан. Ең ірі коллекциясын Мысырдағы жаңа патшалық кезеңіндегі ескерткіштер қатарына кремний минерал тасынан жасалған пышақ құрамақ. Ол Жебель-Эль-Аркадан табылған. Бұл пышақтың сабы адам мүсінімен безендірілген.



# 3. Ежелгі Грекия мен Рим бөлімі

Ежелгі Грекия мен Рим бөлімі 1800 жылы ашылған. Бұл бөлім, негізінен, XVI-XVII ғ. Француз корольдері жинақтаған антикалық коллекциялармен толығады.

Н. Бонапарт кезінде осы аталған коллекциялар екі есе үлкейген.

Антикалық коллекцияның ішінде көптеп эгей және эллиндік кезеңнің ескерткіштері бар. Сонымен қатар антикалық коллекциялардың қатарында Италияның көптеген ескерткіштері орналасқан. Этрускілердің шығармалары ең ірі және үлкен топ болып саналады.



# 4. Кескіндеме мен сурет бөлімі

Бұл бөлімнің ерекшелігі орта ғасырдан ХІХ ғ. дейінгі аралықты көрсететін керемет туындыларымен ерекшеленеді. Ең ірі және бай коллекциялары ретінде итальян көркем-сурет санауға болады. Рафаэльдың жеті көркем туындысы, Тинторетто, Тициан, Веронеза, Бассано, Джорданненің және т.б. туындылары бар. Ең құнды және әйгілі Леонардо до Винчидің 5 суреті бар.



# 5. Мүсіндер бөлімі

Мүсін бөлімі 1817 жылы ашылған. Бұл белгілі ренессанс кезеңінің мүсіншісі Жан Гужонның туындылары жинақталған. Ал XVII-XIX ғ. Францияның әйгілі мүсіншілерінің Куазевокс, Жирордон, Кусту, Пажи, Фальконе, Гудон және т.б. туындыларын көруге болады.

Мұнда Микеланджелонның “Құл” атты мүсінің көруге болады.



Жалпы, Лувр музейінің топтамаларының саны 38-40 мың қорды құрайды. Мысалы, 2005 жылы есеп бойынша бір көрмеде 1200-ге тарта суреттер қойылған. Ол өзінің белгілі коллекцияларымен танымал, оның ішінде Мона Лиза, Хаммурапи заңдары, Тангаро мүсіні т.б.


Лувр музейінің топтамаларының саны жылдан-жылға өсіп келе жатыр. Музейге келушілердің саны 2004 жылы – 6 894 000 болса, 2005 жылы – 8 300 000 болған.



# Лувр картасы


Rue de Rivoli  
улица Риволи

ПЛАН



# Қорытынды

Әлемдік музейлер тарихындағы Париждегі Лувр музейі өзінің сан ғасырлық қызметін әлі де атқарып келе жатыр. Өзінің көнелігімен ерекшеленетін бұл музей, дүниежүзін-дегі ең бай коллекциялар жинағы бар музей болып қала береді. Әлемдік көркемөнер, тарихи ескерткіштер түрлі қылқалам және мүсін шеберлерінің үздік туындылары осында Луврда сақтаулы.



# Пайдаланған әдебиеттер

1. [Louvre Museum Official Website](https://www.louvre.fr/)  
<https://www.louvre.fr/>
2. [https://www.louvre.fr/sites/default/files/medias/médias\\_fichiers/fichiers/pdf/louvre-plan-informations-russes.pdf](https://www.louvre.fr/sites/default/files/medias/médias_fichiers/fichiers/pdf/louvre-plan-informations-russes.pdf)
3. Мухажанова Т.Н. Әлем музейлерінің тарихы— Алматы: Қазақ университеті, 2011. — 156 бет.